

Автордың аты-жөні және лауазымы: Зәуре Қыдырбайқызы Матенова, Мәртөк аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы

Күні: 16.02.2025ж.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Қазақстандағы жастар саясаты: қазіргі жағдайы және мәселелері

Кілт сөздер: жастар, қоғам, мемлекет.

Қазақстан халқының шамамен үштен бірін (5 759 78 адам) құрайтын жастар – елдің болашағы мен дамуының негізгі қозғаушы күші. Олардың қоғамдық белсенділігі мен әлеуметтік мәселелерін жан-жақты талдау мемлекеттің тұрақты дамуы үшін маңызды.

Жастар саясаты жастардың әл-ауқаты мен дамуына ықпал ететін заңдар, ережелер, бағдарламалар мен бастамалардан тұрады. Бұл білім беру, жұмыспен қамту, денсаулық сақтау, әлеуметтік инклюзия және азаматтық белсенділік сияқты жастар өмірінің әртүрлі аспектілерін қамтитын кең термин. 2023 жылдың 28 ақпаннан бастап ресми түрде Қазақстандағы жастар жасының диапазоны 14-29 жас аралығынан 14-35 жас аралығына ауысты. Мемлекеттік жастар саясаты туралы заңда, жастар – Қазақстан Республикасының он төрт жастан отыз бес жасқа дейінгі азаматтары- деп бекітілді [1].

Қазақстандағы жастар саясатының жағдайы мен негізгі мәселелері

1.Жастардың қоғамдық белсенділігі. Жастардың қоғамдық белсенділігі волонтерлік қозғалыстарға, жастар ұйымдарына, студенттік өзін-өзі басқару құрылымдарына қатысуымен көрініс табады.

1.1.Волонтерлік қызмет. Қазақстанда волонтерлік қозғалыс 2020 жылы «Волонтер жылы» жарияланғаннан кейін айтарлықтай дамыды. Волонтерлік ұйымдар білім беру, экология, әлеуметтік көмек көрсету және төтенше жағдайлар кезінде белсенділік танытып келеді. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының деректеріне сүйенсек, жастардың 35%-дан астамы волонтерлік қызметке тартылған. «Қазақстан студенттер альянсы» және басқа да қозғалыстар жастардың әлеуметтік мәселелерін шешуге, оларды саясат пен экономикаға араластыруға бағытталған.

2.Жастардың әлеуметтік мәселелері. Қазақстан жастары білім алу, жұмыспен қамту, тұрғын үй және денсаулық сақтау сияқты мәселелерге жиі тап болады.

2.1.Білім беру. Қазақстанда жоғары білімге қолжетімділік артқанымен, өңірлік теңсіздік сақталуда. Ауыл жастары мен қала жастары арасындағы

білім беру сапасында айырмашылық бар. Сонымен қатар, кейбір жастар оқуын аяқтағаннан кейін жұмысқа орналасуда қиындықтарға тап болады.

2.2. Жұмыспен қамту. Жастар жұмыссыздығы – маңызды әлеуметтік мәселе. NEET (Neither in Employment nor in Education or Training) санатына жататын жастар саны 160 мыңнан асады. Мемлекет «Жастар практикасы», «Бастау Бизнес» сияқты бағдарламалар арқылы бұл мәселені шешуге тырысуда. Алайда, жұмыссыздықтың негізгі себептерінің бірі – еңбек нарығындағы білікті мамандардың тапшылығы мен жастардың еңбек тәжірибесінің жеткіліксіздігі.

2.3. Тұрғын үй мәселесі. Жас отбасылар мен жастардың баспаналы болу мүмкіндігі шектеулі. Мемлекет «7-20-25» және «Жас отбасы» бағдарламалары арқылы оларға қолдау көрсетуде.

Халықаралық тәжірибе

Қазіргі кезде жастар саясатының маңыздылығы барлық елде алғашқы орында. Ерте кезеңнің өзінде бірқатар дамыған елдерде жас ұрпақпен жұмыс істеуді маңызды және жастарды өз сұраныстары мен амбициялары бар арнайы әлеуметтік топ ретінде қарастырған.

Жапония. Жапонияда жастардың жас аралығы 15-29 жас. Жапониядағы жастар соңғы жылғы мәліметтер бойынша, 20 миллионнан асқан, бұл дегеніміз жапон халқының жалпы санының 15%-ға жуығын құрайды. Жапонияда белгілі бір уақыт жас ұрпақты тәрбиелеу жағдайларын жақсарту және балалар мен ата-аналардың бірлескен қызметін қолдау мақсатында түрлі бағдарламалар іске асырылып, балаларды патриоттыққа тәрбиелеуге қатысты ұлттық науқандар жүзеге асырылып отырады. Негізінен, Жапонияда жастардың әлеуметтік жағдайын жақсарту саясатына ерекше назар аударылған. Жастардың БАҚ пен ғаламтор желілеріндегі керексіз материалдарға қол жетімділігін шектеу мақсатында түрлі жұмыстар жүргізіліп отырады. Оқушылар мен көлік жүргізушілерін жастардың қатысуымен болатын жол - көлік оқиғаларының санын азайту және қоршаған ортаға келтірілетін қатер деңгейін төмендету мақсатында қауіпсіз қозғалыс ережелерін оқыту кеңінен қолға алуда [2].

Еуропа елдері. Еуропада жастар саясатының нормативтік-құқықтық аспектілеріне үлкен мән беріледі. Мысалы:

- ЕО-ның жастар саясаты стратегиясы жастардың құқықтарын қорғауға бағытталған;
- Францияда "Мүмкіндіктер теңдігі туралы" заң жастарды жұмысқа орналастыруды міндеттейді. Бұл заңға сәйкес, компаниялар жылына белгілі бір жастарды жұмысқа қабылдауға міндетті;
- Швецияда жоғары және орта білім ақысыз, бірақ студенттерге білім алу кезінде қаржылық қолдау несиелік жүйе арқылы беріледі

Орта Азия елдері. Қырғызстан: Қырғызстанда 2009 жылдан бері «Мемлекеттік жастар саясатының негіздері туралы» атты жаңартылған заң қызмет етіп келеді, оған сәйкес жастар деп 14-28 жас аралығындағы

азаматтар танылады. Қырғыз жастары қазіргі таңда халық санының 35% құрайды [3].

Өзбекстан: 1991 жылдан бастап «Өзбекстан Республикасындағы жастар саясатының негіздері туралы» заңы енгізілген. Қазіргі уақытта 30 жасқа дейінгі азаматтар жалпы халықтың 60%-ын құрап отыр. Өзбекстанда жастарға арналған арнайы бағдарламалар мен білім беру гранттары қарастырылған [4].

Қазақстандағы жастар саясатын жетілдіру бойынша ұсыныстар

- **Білім беру жүйесін жаңғырту:** ауыл жастарына білімге тең қолжетімділік беру, еңбек нарығына қажетті дағдыларды оқыту;
- **Жұмысқа орналастыру бағдарламаларын дамыту:** NEET санатындағы жастарды жұмыспен қамту бойынша қосымша механизмдер енгізу;
- **Тұрғын үй саясатын жетілдіру:** жастарға арналған ипотекалық несиелердің пайыздық мөлшерлемесін төмендету;
- **Қоғамдық белсенділікті ынталандыру:** волонтерлік қозғалыстар мен жастар ұйымдарына мемлекеттік қолдауды күшейту;
- **Халықаралық тәжірибені енгізу:** Қазақстанда Франциядағыдай жастарды міндетті түрде жұмысқа орналастыру тәжірибесін қарастыру;
- **Цифрлық сауаттылықты арттыру:** жастарды интернет пен БАҚ-тағы ақпараттық қауіптерден қорғау механизмдерін енгізу.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000285youth>
2. Преимущества высшего образования в Японии
<https://uni.academconsult.ru/poleznoe/vysshee-v-yaponii/>
3. Ысманова Р.З. Молодежь и государственная политика на сегодняшний день. Из-вестия ВУЗов Кыргызстана. 2014;10:127-129
4. Режабов Б.З., Комилов М.С., Ражабов Р.Р., Бобоев А.В. Опыт Узбекистана в сфере реализации молодежной политики. Наука и Мир. 2016; 5(33);28-30